

Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектебінде өткізілген
«Қамқоршылық кеңесі» отырысының
№ 2 Хаттамасы

Каменка ауылы

«26» қыркүйек 2020 жыл

Қамқоршылық кеңес төрағасы – Қ.Д.Дәулетов

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, мектептің әкімшілік мүшелері

Күн тәртібінде:

1. 2019 - 2020 оқу жылы бойынша Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектебінде атқарылған жұмыстар туралы мектеп директорының есебі

Мейманханов Мұратжан Құрманжанұлы – Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектебінің директоры

2. 2019 - 2020 оқу жылы бойынша Тасшолақ бастауыш мектебінде атқарылған жұмыстар туралы мектеп меңгерушісінің есебі

Мейрманова Толқын Рахатбайқызы - Тасшолақ бастауыш мектебінің меңгерушісі

3. 2019 - 2020 оқу жылы бойынша Жалпақсаз бастауыш мектебінде атқарылған жұмыстар туралы мектеп меңгерушісінің есебі

Сатылғанова Гульзина Оңалбекқызы - Жалпақсаз бастауыш мектебінің меңгерушісі

1.1.Тыңдалды: Мейманханов Мұратжан Құрманжанұлы – Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектебінің директоры өз сөзінде 2019-2020 оқу жылында атқарылған жұмыстары туралы есебін беріп, таныстырды. Мектепте жалпы 87 педагог қызметкерлері жұмыс істейтінін айтып, оның ішінде жоғары білімді -75 мұғалім болса, қалған 4 мұғалім арнаулы білімді. Педагог қызметкерлерінің сапалық құрамын көрсететін болсақ 55 % құрайтынын айтты. 2019-2020 оқу жылында Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектебінде 641 оқушы білім алып, жалпы мектеп бойынша 40 сынып комплектісі бар екенін, оқушылардың көрсеткен білім сапасы I тоқсанда 68 % болса, II тоқсанда 69%, III тоқсанда 70% VI тоқсанда 71% көрсеткенін айтты. 2019 – 2020 оқу жылының наурыз айында бүкіл әлемде болып жатқан пандемияға қарсы оқушылар жаппай таратылып үй жағдайында қашықтықтан оқытылды. Сонымен қатар, мектеп биылғы 2020 жылы күрделі жөндеуден өткізіліп, мектептің іші – сырты түгелдей жаңартылғанын айтты. Дегенменен мектептің материалдық - техникалық базасын жетілдіру бағытында демеушілерді тарту жұмыстары жүргізіліп, мектеп бітіреп кеткен түлектердің демеушілігімен мектепке қажетті жабдықтармен жабдықталынды. Демеуші түлектердің көрсеткен көмегінің жалпы соммасы 1 490 000 тенгені құрайды – деді.

1.1.Сөйледі: З.Н.Оразалиева «Қарақыстақ» ауылдық мәдениет үйінің меңгерушісі, Т.Рысқұлов аудандық маслихат депутаты, қамқоршылық кеңес мүшесі өз сөзінде: «Мектеп директорының баяндамасын «қанағаттанарлық» деп танылсын - деді.

1.2.Сөйледі: Канарова Аманкуль Қарабаевна – зейнеткер ата – ана, қамқоршылық кеңес мүшесі: өз сөзінде оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға байланысты іс-шаралар мен байқаулар, спорттық ойындар,

интеллектуалдық сайыстар жыл бойы ұйымдастырылып өткізілетінін, өз балаларының да өте қызығушылықпен спорттық ойындарға қатысып, көптеген жетістіктерге де жетіп жүргенін айтты. Бұл мектеп ұжымы мен мектеп әкімшілігінің еңбегі, мектеп басшысы М.Қ.Мейманхановтың жұмысты дұрыс жолға қоя білуінің нәтижесі деп білемін – деді.

Ұсыныс:

1.1. 2019 - 2020 оқу жылы бойына Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектебінде атқарылған жұмыстар туралы мектеп директоры М.Қ.Мейманхановтың есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын.

1.2. Мектептің материалдық техникалық базасын жетілдіру бағытында демеушілерді тарту жұмыстары жалғастырылсын.

2.2 Тыңдалды: Толқын Мейрманова Толқын Рахатбайқызы –Тасшолақ бастауыш мектебінің меңгерушісі өз сөзінде 2019-2020 оқу жылында атқарылған жұмыстары туралы есебін беріп, таныстырды.

Мектепте жалпы 8 педагог қызметкер жұмыс істейтінін айтып, оның ішінде 7 мұғалім жоғары білімді, 1 мұғалім арнаулы орта білімді. Педагог қызметкерлердің сапалық құрамын көрсететін болсақ 47,2 пайызды құрайтынын айтты. 2019-2020 оқу жылында Тасшолақ бастауыш мектебінде 61 оқушы білім алып, жалпы мектеп бойынша 6 сынып топтамасы болды. Оқушылардың тоқсан бойынша білім сапасына тоқталып өтті I тоқсанда 68,2 % II тоқсанда 69,3 %, III тоқсанда 71%, IV тоқсанда 73% көрсеткенін айтты. 2019-2020 оқу жылының наурыз айының 14 –нен дүние жүзінде болып жатқан пандемияға қарсы оқушылар жаппай таратылып үй жағдайында білім алды яғни қашықтықтан оқытылғанын айтты. Сонымен қатар 2020 жылы мектеп ағымды жөндеуден өтті. Алдағы уақытта мектепке күрделі жұмыстар жүргізу мәселесін қарастыруды өтінді.

2.1 Сөйледі: Г.М.Баятанова – Қарақыстақ ауылдық округі аппаратының бас маманы, қамқоршылық кеңес мүшесі өз сөзінде: «Мектеп директорының баяндамасын «қанағаттанарлық» деп танылсын - деді.

2.2. Сөйледі: Жастар туған мемлекетімізді баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне қызмет етуге парыздар. Ол бағыттағы жұмыстарды жүргізу жауапкершілігі біздер мен сіздерге жүктелетіндігін де атап көрсетіп, осы жолда мектептің атқаратын жұмысының да біршама зор екенін айтты.

Ұсыныс:

2.1. 2019 - 2020 оқу жылы бойына Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектебінде атқарылған жұмыстар туралы мектеп директоры М.Қ.Мейманхановтың есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын.

2.2. Мектептің материалдық техникалық базасын жетілдіру бағытында демеушілерді тарту жұмыстары жалғастырылсын.

3.3.Тыңдалды: Г.О.Сатылганова Жалпақсаз бастауыш мектебінің меңгерушісі өз сөзінде 2019-2020 оқу жылында атқарылған жұмыстары туралы есебін таныстырды.Жалпақсаз бастауыш мектебінде жалпы 6-педагог жұмыс істейтінін айтты.Осы 6- педагогтың 5-уі жоғары білімді,1-уі арнаулы орта білімді.Педагог қызметкерлердің сапалық құрамы 50 % екенін мәлімдеді.2019-2020 оқу

жылында Жалпақсаз бастауыш мектебінде 40-оқушы білім алды және 4- сынып комплектісі бар екендігі айтылды. Оқушылардың білім сапасы I тоқсанда 74,7% , II тоқсанда 75,3% , III тоқсанда 75,5%, IV тоқсанда 77,9%. Осы көрсеткіштердің нәтижесінде білім сапасын арттыру бағытындағы мәселелер баса айтылды. Наурыз айында бүкіл әлемде болып жатқан пандемияға байланысты мектеп оқушылары жаппай таратылып ,қашықтықтан білім алғандығы туралы айтылды. Ол өз сөзінде 2020 жылдың қаңтар айынан бері аудандық бюджет есебінен берілген заттарға тоқталып өтті. Аудандық бюджеттен 2019-2020 оқу жылында жалпы соммасы 86730 (сексен үш мың) теңге көлемінде мектепке қажетті заттар үшін қаражат бөлінгендігі туралы мәлімет берді. 2020 оқу жылында демеушілік есебінен берілген жұмыстарға тоқталып өтті. Олардың мектептің рәміздер бұрышына 70000 (жетпіс мың) теңге көлемінде қаражат берілгенін айтты.

3.1. Сөйледі: Серибаев Мұрат Айжарыкович – қамқоршылық кеңес мүшесі:


«Мектеп директорының баяндамасын «қанағаттанарлық» деп танылсын - деді.

3.2. Сөйледі: А.Н.Қабылханов – Қарақыстақ ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы, қамқоршылық кеңес мүшесі: «Тұлғаны жан-жақты үйлесімді тәрбиелеу саласының бірі – құқықтық тәрбие. Ол қоғамның әрбір азаматының мемлекеттік заңдары аса жауапкершілікпен орындап отыруы талаптарымен тығыз байланысты – деді.

Қамқоршылық кеңес төрағасы  К.Д.Дәулетов

Қамқоршылық кеңес мүшелері:  Г.Баятанова


 З.Оразалиева

 А.Қабылханов

Н.Садыбеков

 Қ.Бекенов

 Ж.Арыстанбекова

 А.Канарова

 П.Исманлова

 К.Демеуов

 М.Серибаев

